

Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы

Тақырыбы: Аурухананың жер телімін таңдауға
және оны жоспарлауға қойылатын гигиеналық
талаптар.

Орындаған: Әліхан М. Әбілдабек З.

Ауруханың жер телімін таңдауға және оны жоспарлауға қойылатын гигиеналық талаптар.

Ауруханада гигиеналық жағынан қолайлы жағдай туғызу мүмкіншілігі аурухана учаскесінің орналасқан жеріне және басқа да ерекшеліктеріне көп байланысты. Жалпы соматикалық ауруханаларды қала ішінде, қызмет көрсететін халыққа жақын орналастыру лайықты, өйткені олар тек жоспарлы түрде ғана емес, сонымен қатар, жедел медициналық көмек те көрсетеді. Қаланың шетінде немесе сыртында режимі айрықша стационарларды (туберкулездік, психиатриялық және тері-венерологиялық ауруханаларды), науқастарды амбулаторияда қабылдамайтын, ірі, сиымдылығы 1000 төсектен артық, мамандандырылған орталықтарды, сауықтыру мекемелері мен реабилитация орталықтарын орналастырады. Аурухананы елді мекеннің шетінде немесе қала маңайында орналастырғанда, өлшемі жеткілікті, шу, шаң және басқа ластаушы көздерден алыс, көк алаптың жанындағы жер телімін таңдау оңай. Бір жағынан, қосымша емдік фактор ретінде қолайлы табиғи жағдайлар туса, екінші жағынан, кейбір аурухана мекемелерін қызмет көрсету түрлеріне байланысты бір-бірінен оқшау орналастыру жеңілдейді. Мұндай ауруханалардың селитебтік зоналардан ара қашықтығы 1000 м кем болмауы керек.

Ауруханалардың құрылысын топырағы құрғақ, күн сәулесі жақсы түсетін, ағашты, көгалды, биіктеу жерде салған жақсырақ. Жайпақ, оңтүстікке бағытталған беткейде болған жағдайда, учаскенің инсоляциясы жақсарады, атмосфералық сулардың табиғи ағыны жеңілдейді. Грунт суларының деңгейі жер бетіне 1,5 м жақын болмауы керек. Учаскеге көлік кіріп-шығатын жолдары ыңғайлы болғаны дұрыс және аурухананы техникалық, санитарлық-техникалық жағынан (сумен және электрмен қамтамасыз ету, канализация, т.б.) рационалды жабдықталу мүмкіншілігі қамтамасыз етілуі керек.

Жер учаскесі

- **Жер учаскесінің аумағы жеткілікті болуы керек, өйткені, аурухана ғимаратының, шаруашылыққа арналған құрылыстарының, олардың ара қашықтарының, көгалдандыру ауданының, өтпелер мен көлік жолдары ұйымдастырылуының талаптарға сәйкес орналасуы, учаскенің ауданына байланысты анықталады. Аурухананың жер учаскесі, ондағы төсек санына, құрылыс жүйесіне және саласына байланысты. Қазіргі кездегі ауруханалардың құрылыс жүйесінде 1 төсекке аумағының 100-150 м² ауданы келу керек. Төсек саны көп болған сайын, 1 төсекке есептеліп бөлінетін жер ауданы азая береді. Орталықтандырылмаған құрылыс жүйесі, орталықтандырылған құрылыс жүйесіне қарағанда, үлкен жер ауданын (2 тарау.) талап етеді. Жұқпалы аурулар, туберкулездік және онкологиялық ауруханалар, қайта қалпына келтіріп емдеу ауруханалары өте үлкен жер учаскесін қажет ететіндіктен, оларды қала маңында орналасырады.**

Жер учаскесін рационалды жоспарлау

Жер учаскесін рационалды жоспарлау, ауруханаларды гигиеналық жағынан абаттандырудың көптеген жақтарын қамтамасыз етеді. Емдеу-алдын алу мекемесін өз жер учаскесінде орналастыру жоспары болып табылатын аурухананың бас жоспары жобалау кезеңінде — ақ учаскені, бір-бірінен айырмашылығы бар, бірнеше функционалдық зоналарға бөлуді қарастырады:

1. емдеу корпустарының, жұқпалы емес және жұқпалы ауруларға арналған;
2. бау-саябақ;
3. әкімшілік-емхана;
4. патологиялық-анатомиялық корпустың;
5. шаруашылық-құрылыстар зонасына;



Аурухана

Аурухана учаскесін зоналарға бөлу қолайлы санитарлық және емдік-қорғаныш тәртібін ұйымдастыру, науқастарға психологиялық комфорт туғызу, аурухана ішілік инфекцияның алдын алу, әр түрлі бөлімшелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды жағдай болып табылады. Аурухана кешенінің құрам бөліктерін зоналарға бөлу және рационалды орналастыру формасы дұрыс тікбұрышты, ені мен ұзындықтарының арақатынасы 1:2 немесе 2:3 болатын, ұзын осі шығыстан батысқа қарай бағытталған учаскелерде ең қолайлы жүзеге асырылады. Ауруханалар селитебтік зоналарда орналасқанда, емдеу және палаталық корпустарды құрылыстың қызыл сызығынан (көшелер мен аурухана аумағының шекарасы) 30 м және тұрғын үйлерден 50 м кем емес қашықтықта орналастыруы қажет. Жұқпалы аурулар бөлімшесі учаскенің түкпір жағында, жұқпалы аурулар емес бөлімшелерден 30 м кем емес қашықтықта орналасуы керек. Басқа корпустардан дуалдар арқылы және ағаштар мен бұталар арқылы бөлінуі, өзінің бөлек, көлік кіріп-шығатын жолы болуы тиіс.



Емхана ғимараты

Шаруашылық ауласын аурухана ғимаратынан 30-40 м қашықтықта, ық жағында, жер бедері төмендеу жерде орналастырады. Шаруашылық ауласында сумен жылытатын орталық қазандықты, дезинфекциялық камерасы бар кір жуатын орынды, гаражды, қойма бөлмелері мен көкөніс сақтайтын қойманы орналастырады. Басқа аурухана зоналарынан шаруашылық ауласын, ені 8-10 м отырғызылған ағаштар мен бұталар жолағы арқылы оқшаулайды.



Аурухана корпустарына қойылатын талаптар

Патологиялық-анатомиялық бөлімшені учаскенің түкпірінде, емдеу корпустарының палаталық бөлімшелерінің терезелерінен көрінбейтін аймақта орналастырады. Салт жораларыаймағына көлік кіріп-шығатын оқшау жолы болуы тиіс. Емдеу корпустары патологиялық-анатомиялық корпустаң 30 м қашықтықта орналасуы қажет.

Емдеу корпустары мен басқа ғимараттардың ара қашықтығы инсоляция, жарық түсуі, желдетілеу және шудан қорғау жағдайларын қамтамасыз етуі керек. Мысалы, корпустар мен палаталар терезелерінің арасындағы қашықтық, ең биік қарсы тұрған ғимараттың 2,5 биіктігіне тең, бірақ, 24 метрден кем болмауы тиіс.



ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМШЕСІ

Otyrar.KZ

Аурухана жолы

Аурухана аумағына өз алдына бөлек, көлік кіретін 3 жолы болуы тиіс: жұқпалы емес ауруларды емдеу корпустарының зонасына, жұқпалы аурулар бөлімінің зонасына, шаруашылық зонасына. Әдетте, шаруашылық зонасына көлік кіретін жолмен патологиялық-анатомиялық корпусқа өтетін жол біріктіріледі.



ЕМХАНА

A.K.

Аурухана маңы

Шаруашылық ауласын аурухана ғимаратынан 30-40 м қашықтықта, ық жағында, жер бедері төмендеу жерде орналастырады. Шаруашылық ауласында сумен жылытатын орталық қазандықты, дезинфекциялық камерасы бар кір жуатын орынды, гаражды, қойма бөлмелері мен көкөніс сақтайтын қойманы орналастырады. Басқа аурухана зоналарынан шаруашылық ауласын, ені 8-10 м отырғызылған ағаштар мен бұталар жолағы арқылы оқшаулайды.



KMP
KAZMEDPRIVOR

103

ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ



Жер учаскесінің көлемі

Аурухана кешені ғимараттарының құрылысын салуға бөлінген жер учаскесінің үлесі 15%-дан, шаруашылық ауласына, адамдар жүретін жолға және көлік жолдарына — 25%-дан артық болмауы тиіс. Жер учаскесінің ең үлкен (60%-дан кем емес) бөлігін көгөрістер құрауы тиіс, олар қорғаныс зонасы ретінде, учаскенің периметрі бойынша, ені 15 м болатын отырғызылған ағаштар және аурухана мекенінің ішінде егілген саябақ, бау, гүлзарлар, көгалдар түріндегі көгөрістер. Қорғаныс зонасына бірнеше қатар биік өсетін ағаштар және арасына бұталар отырғызылады. Бау-саябақ зонасының ауданы, 1 адамға есептегенде, 25 м² кем болмауы керек.

Амбулаториялық—емханалық мекемелерді қаланың әрбір ықшам ауданында, адамдар жаяу жететіндей жерлерде орналастырады.

Аурухананың жер телімі шу, ауаның химиялық және биологиялық ластаушы көздерінен — өнеркәсіп кәсіпорындарынан, магистралды жолдардан және темір жолдардан, аэропорттардан, стадиондардан, мал шаруашылық және күс өсіретін фермалардан, қоқыс төгетін жерлерден, ассенизация алаңдарынан, қалдықтарды пайдаға асыру және жағу зауыттарынан едәуір қашықтықта, жел жағында болуы тиіс.

Аурухана мен осы ластаушы көздердің арасындағы санитарлық-қорғаныш аймағының ара қашықтығы нормативтік құжаттарға сәйкес, ластағыштардың зияндылықтарына байланысты, 50-1000 м аралығында орнатылады. Жекеше автокөліктерге арналған тұрақтардың аурухана аумағынан қашықтығы 40 м кем болмауы керек.

Учаскені таңдау кезінде, аурухана аумағындағы шудың деңгейі күндіз — 45 дБ, түнде – 35 дБ аспауы, ал, кеңінен таралған ауаны ластаушылардың: азот оксидінің, күкірт ангидридін, аммиактың, көмір тотығының, күйенің ауадағы концентрациясы ШРЕК-тен аспауы керек. Ауруханаларды бұрын қоқыс төгілген жерлерге, мал қорымы, зираттар және топырағы химиялық заттармен, радионуклидтермен ластанған, эпидемиялық тұрғыдан қауіпті жерлерде орналастыруға тыйым салынады.



ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕДИАТРИЧЕСКАЯ КЛИНИЧЕСКАЯ БОЛЬНИЦА



- Аурухана гигиенасына ерекше көңіл аударудың себебі халықты емдік-диагностикалық көмекпен қамтуда ескі проблемалардың күрделенуі мен жаңа мәселелердің пайда болуымен, сонымен қатар, ауруханаларға спецификалық экологиялық жүйе, ерекше әлеуметтік орта ретіндегі көзқарастарға байланысты. Атап айтқанда:

- Науқастың физикалық және психикалық жағдайы, сау адамдарға қарағанда орта факторларына жоғары талаптар қояды.
- Емдеу-профилактикалық мекемелері құрамында гигиеналық реттеуді, бақылауды талап ететін арнайы бөлімшелері (палаталар, операциялық бөлме, лаборатория, диагностикалық және емдеу кабинеттері) болады.
- Ауруханалық ортада аурухана ішілік инфекцияның дамуына ықпал ететін көптеген арнайы физикалық, биологиялық, химиялық факторлар кездеседі.

Ауруханалардың орналасуына қойылатын талаптар

- Д Елді мекенде ауруханаларды орналастыру мәселесі оның саласы мен қызмет көрсетілетін халықтың контингентіне байланысты шешіледі. Бұл мәселені шешудің әр түрлі жолы бар: ауруханалардың бір түрін халыққа барынша жақындатып, қаланың ішінде салуға болады, ауруханалардың енді бірін алыс, табиғи емдеу факторларын қолдану үшін жасыл желекті аудандарда орналастыруға болады. Қаладан тыс жерге а) туберкулез б) психоневрологиялық және в) тері – венерологиялық диспансерлерді орналастыру ұсынылады.
- Д Емханаларымен біріктірілген аурухана құрылысы 10 000 тұрғынға 112 койка есебінде және жылына бір адамға 10 емханалық байқау есебімен бекітілген нормативтер бойынша іске асырылады.

Аурухана ішілік жұқпаның пайда болу себептерін

объективті және субъективті деп екіге бөлуге болады.

- **Объективті себептер** бұл ЕСМ-нің жетекшісіне байланысты емес себептер:
 - қазіргі заман талабына жауап бермейтін ауруханалар қатарының болуы;
 - көптеген микроорганизмдердің антибиотиктерге төзімділігі;
 - антибиотиктердің медицинада, ауыл шаруашылығында, мал шаруашылығында кең қолданылуының сенімді ақтамауы.
- **Субъективті себептер** — бұл жоюға болатын себептер:
 - медицина қызметкерлерінің жеткіліксіз дайындалуы (сапасыздығы);

- ◎ **Зарарсыздандыру аурухана ішілік жұқпаны (ВБИ) алдын алудағы ең негізгі бағыттардың бірі. Медицина қызметкерлерінің осы қызметінің мақсаты қоршаған ортадағы патогенді микроорганизмдерді жою болып табылады.**
- ◎ **Аурухана ішілік жұқпаның пайда болуын үшке бөлуге болады:**
- ◎ **- пациенттер, емханалық көмек алу барысында жұқтырады;**
- ◎ **- пациенттер, стационарлық көмек алу барысында жұқтырады;**
- ◎ **- медицина қызметкерлері, медициналық көмек беру барысында жұқтырады.**